

Ж.Г. Сарсенбаева^{1}, Е.К. Күлдібаев²*

¹саяси ғылымдар кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

*Алматы, Қазақстан,
E-mail: zhakentiy@mail.ru*

²тарих ғылымдарының кандидаты, Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА,

*Алматы, Қазақстан,
E-mail: esaga-79@mail.ru*

ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ: БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТАР

Аңдатпа

Мақала Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясында Қазақстан Республикасының ұйымға мүше елдермен білім саласындағы байланыстарын ашуға бағытталған. Ұйымның құрылу тарихы мен атқаратын қызметтерін ашып, нақты білім беру саласындағы байланыстарына тоқталады. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін ерекше мән берген саланың бірі – білім және ғылымы саласы болды. Еуропаның озық тәжірибесі енгізілді. Осы бағыттағы маңызды жаңалықтардың бірі халықаралық тәжірибені басшылыққа алу болып табылады. Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясында мүше мемлекеттермен білім беру саласында ортақ келісімдер жасалды. Бұл келісімдер білім беру саласын дамыту, ортақ білім беру бағдарламаларын даярлау, педагог мамандар және білім алушылардың тәжірибе алмасуы сынды маңызды бағыттарды қамтиды. Шанхай ынтымақтастық ұйымы Университеті қалыптастырылды. Жекелеген мамандықтар бойынша білім алушылар алмасып, ортақ білім беру бағдарламасы негізінде маман даярлау ісі қолға алынды. Мұндай жан-жақты байланыстардың білім беру саласын дамытуға қосатын үлесі жоғары. Мақала барысында осы бағыттағы жұмыстардың болашақ басымдылықтарын анықтау мақсатына қол жеткізілді.

Ғылыми-зерттеу жұмысының өзектілігі тақырыптың қазіргі заманда ерекше сұранысқа ие болуымен байланысты. Алдағы уақытта аталған тақырып көлемінде кешенді зерттеу жұмыстары жүргізілуі қажет.

Кілт сөздер: білім, білім беру бағдарламалы, ұйым, келісім, әріптестік, маман, тұжырымдама.

Ж.Г. Сарсенбаева^{1}, Е.К. Күлдібаев²*

¹кандидат политических наук, и.о. ассоциированный профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан,

E-mail: zhakentiy@mail.ru

²кандидат исторических наук, Казахская национальная академия искусств им. Темирбека Жургенова, Алматы, Казахстан,

E-mail: esaga-79@mail.ru

ШАНХАЙСКАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ СОТРУДНИЧЕСТВА И РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН: ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

В статье раскрываются связи Республики Казахстан со странами-членами организации в сфере образования в рамках Шанхайской организации сотрудничества. Раскрывая историю создания и занимаемые должности организации, она останавливается на связях в конкретной сфере образования. Одной из сфер, которой Республика Казахстан придала особое значение после провозглашения своей независимости, была сфера образования и науки. Введен передовой опыт Европы. Одним из важных нововведений в этом направлении является руководство

международным опытом. В рамках Шанхайской организации сотрудничества заключены общие соглашения в сфере образования с государствами-членами. Эти соглашения охватывают такие важные направления, как развитие сферы образования, подготовка совместных образовательных программ, обмен опытом педагогических кадров и обучающихся. Сформирован университет Шанхайской организации сотрудничества. Ведется обмен обучающимися по отдельным специальностям и подготовка специалистов на основе общей образовательной программы. Такие всесторонние связи имеют большой вклад в развитие сферы образования. В ходе статьи была достигнута цель определения будущих приоритетов работ в данном направлении.

Актуальность научно-исследовательской работы обусловлена тем, что тема особенно востребована в наше время. В дальнейшем необходимо провести комплексную исследовательскую работу по данной тематике.

Ключевые слова: образование, образовательная программа, Организация, соглашение, партнерство, специалист, концепция

Zh.G.Sarsenbayeva^{1}, E.K. Kuldibaev²*

¹candidate of political sciences, acting associate professor, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: zhakentiy@mail.ru

²candidate of historical sciences, Temirbek Zhurgenov Kazakh national academy of arts, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: esaga-79@mail.ru

SHANGHAI COOPERATION ORGANIZATION AND THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: INTERACTION IN THE FIELD OF EDUCATION

Abstract

The article reveals the relations of the Republic of Kazakhstan with the member countries of the organization in the field of education within the framework of the Shanghai Cooperation Organization. Revealing the history of the organization's creation and positions held, she dwells on connections in a specific field of education. One of the spheres to which the Republic of Kazakhstan attached special importance after the proclamation of its independence was the sphere of education and science. The best practices of Europe have been introduced. One of the important innovations in this direction is the management of international experience. Within the framework of the Shanghai Cooperation Organization, general agreements have been concluded in the field of education with member States. These agreements cover such important areas as the development of education, the preparation of joint educational programs, the exchange of experience of teaching staff and students. The University of the Shanghai Cooperation Organization has been formed. There is an exchange of students in individual specialties and training of specialists on the basis of a general educational program. Such comprehensive ties have a great contribution to the development of the education sector. In the course of the article, the goal of determining the future priorities of work in this direction was achieved.

The relevance of research work is due to the fact that the topic is especially in demand in our time. In the future, it is necessary to conduct a comprehensive research work on this topic.

Key words: education, educational program, Organization, Agreement, partnership, specialist, concept

Кіріспе

Қазақстан Республикасы өзінің егемендігін жариялаған тарихи кезеңнен бастап, дамудың өзіндік жолына түсті. Маңызды өзгерістер қоғамның барлық саласында орын алды. Білім және ғылым саласы да түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Еліміздегі білім беру жүйесінде орын алған оң өзгерістердің бірі – халықаралық ұйымдар аясында тәжірибе алмасу, білім беру бағдарламаларын жетілдіру болып табылды. Мұндай халықаралық ұйымдардың бірі Шанхай ынтымақтастық ұйымы болып табылады.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы 1996 жылы «Шанхай бестігі» деген атаумен пайда болды. Алғашқы қатысушы елдер қатарында Қазақстанмен қатар, Қытай, Ресей, Қырғызстан және Тәжікстан мемлекеттері болған. 2001 жылдың 15 шілдесінде Шанхай қаласында өткен жиында, ұйымға Өзбекстан мемлекеті мүше болып кіруімен ұйымның атауы өзгеріп, Шанхай ынтымақтастық ұйымы деп атала бастады. Әрине ұйымның алғашқы міндеттері шекаралық аумақтардағы сенімділік

шараларын күшейтуге бағытталды. Сонымен қатар экономикалық маңызды мәселелер, сауда саласын жетілдіру, әріптестік байланыстарды да қамтыды. Дегенмен ұйым жұмысының басталуына түрткі болған мәселелер қатарында ғылыми-техникалық жетістіктермен бөлісіп, білім беру саласында тәжірибе алмасу, ортақ білім беру бағдарламаларын қалыптастыру сынды маңызды міндеттер де бар.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының білім саласындағы байланыстары ең алдымен достық және әріптестік қарым-қатынастарды дамытуға бағытталған. Білім саласындағы байланыстар өзара сыйластық пен теңдік принциптеріне негізделеді. Әрине ұйым заманауи білім беру саласындағы соңғы жаңалықтарды басшылыққа алғанымен, осыған дейін қалыптасқан байланыстардың негізін де басты назарда ұстайды. Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше елдердің үкімет басшыларының білім саласындағы келісіміне қол қойылды. Келісімде ұйымға мүше елдер білім саласын реформалау мәселесіндегі ақпараттар мен тәжірибе алмасу, білім саласындағы саясаттың ақпараттық және нормативтік-құқықтық негіздері, ғылыми-педагогикалық кадрлардың өзара тәжірибе алмасуы сияқты маңызды мәселелер бойынша шешімді кеңістік қалыптастыру қажет екендігі айтылады. Міне осы келісім нәтижесінде Қазақстанның ұйымға мүше түрлі елдермен білім саласындағы байланыстары қалыптасты. Бұл байланыстардың тарихын ашуға бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің маңыздылығы өте жоғары. Нәтижесінде болашақ басымдылықтардың тың бағыттарын айқындауға мүмкіндіктер береді.

Әдістеме.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясында Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы байланыстарын ашу мақсатында біз ғылымға кеңінен танымал бірқатар зерттеу әдістерін пайдаландық. Атап айтқанда мәселеге қатысты деректер мен зерттеу жұмыстарын анықтап, оларды топтастыра алдық. Бұл әдіс зерттеу жұмысының жүйелі жүруіне септігін тигізді. Ғылыми-зерттеу жұмысының деректік негіздері құжаттар болып табылады. Құжаттармен жұмыс барысында статистикалық мәліметтерді талдау, синтездеу тәсілдері, сыншыл диалектикалық қолданылды. Саясаттану және тарих ғылымына белгілі объективтілік принципіне сай мәселені барынша шынайы қарастыра алдық. Қоғамдық ғылымдарға да кеңінен танымал болған зерттеу әдістері қолданылды. Олардың қатарында жалпыдан жалқыға өту, әлеуметтік әдіс-тәсілдер бар. Әлеуметтік әдіс-тәсіл саяси құрылымдар мен саяси ұйымдар аясындағы байланыстардың әлеуметтік астарын зерттеуге бағытталған.

Талқылау.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясында Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы байланыстары мәселесі өзекті тақырып. Аталған тақырып көлемінде арнайы әрі кешенді зерттеу жұмыстары әлі де болса толыққанды жүргізуді талап етеді. Дегенмен зерттеу жұмысы барысында А.Жатқанбаева мен Г. Айгаринованың «Басты капитал – сапалы білім» атты мақаласы. Сонымен қатар түрлі ғылыми-зерттеу жұмыстары қатарында Е.С. Белукованың «Сотрудничество государств-членов ШОС в сфере образования: Университет ШОС как успешная модель партнерства», Е.В. Станис, М.Г. Макарова, және Торегожинаның «Опыт РУДН (Россия) и КазНУ им. Аль-Фараби (Казахстан) по созданию совместных образовательных программ в области экологии», В.М. Филиппов пен С. Юйхуа «Роль Университета ШОС в сопряжении образовательный пространств Евразии», У. Юйяоның «Роль Университета ШОС в гуманитарном сотрудничестве» атты мақалаларын атай аламыз. Мақала барысында деректік маңызы бар құжаттар да басты назарда болды. Мұндай деректердің қатарында «Соглашение между правительствами государств-членов ШОС о сотрудничестве в области образования», «Аналитический доклад Университет ШОС как инструмент интеграции образовательных систем государств-членов ШОС», «Пресс-релиз V недели образования государств-членов Шанхайской Организации Сотрудничества «Образования без границ» в Московском Государственном Лингвистическом Университете» атты деректік маңызы бар құжаттарды атап өтеміз.

Нәтижелер.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы – ортақ бейбітшілік пен ХХІ ғасырдағы өркендеу үшін жаңа әділетті де тиімді халықаралық саяси және экономикалық тәртіп орнату қажеттілігінен туындады. Аймақтағы тыныштықты қамтамасыз етіп келген бұл ұйым қазіргі Біріккен Ұлттар Ұйымы сынды халықаралық және аймақтық ұйымдар тарапынан мойындалған. Уақыт өте түрлі мемлекеттердің аталған ұйымның қатарына кіруге ниет білдіруі де сөзіміздің дәлелі болып табылады. Қытай Халық Республикасы, Ресей Федерациясы, Қазақстан, Қырғыстан, Тәжікстан және Өзбекстан Республикаларының басын қосып отырған ұйымға Монғолия, Пәкістан, Иран және Үндістан сынды мемлекеттер бақылаушы мәртебесіне ие болып отыр.

Бүгінгі таңда ұйымға мүше елдер арасында терең өзара сенімділік пен жауапкершілікке негізделген байланыстар орнатылған. Қазіргі таңдағы күрделі мәселелерді шешу жолдарымен айналысатын «Шанхай ынтымақтастық ұйымы» беделді ұйым ретінде халықаралық лаңкестікке қарсы әрекет ету мен сауда-экономикалық, инвестициялық ынтымақтастықты дамыту сынды өзіндік мақсатта жұмысын жүргізіп келеді. Сөзсіз ұйымға мүше елдер арасында осы мақсаттардан туындаған саясат, сауда-экономикалық, қорғаныс және білім саласын қамтитын байланыстар жүргізіліп келеді. Құрылғаннан бастап ұйым аясындағы мұндай тиімді өзара халықаралық байланыстар аясы кеңейуде.

Ұйымға мүше елдер арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды тиімді түрде күшейту мақсатында 2003 жылы алты елдің премьер министрлері аймақта қысқа, орта және ұзақ мерзімді көпжақты сауда экономикалық ынтымақтастық бағдарламасына қол қойған болатын. Ұйымға мүше мемлекеттердің азаматтарының әл-ауқатының артуына қызмет етуі тиіс бұл бағдарламаның қысқа мерзімдегі келісіміне сай өзара келіссөздер арқылы сауда-экономикалық байланыстардың тізілімі жасап шығу көзделсе, орта мерзімдегі ынтымақтастық келісімі бойынша аймақтағы экономикалық байланыстарды күшейтіп, дамытатын жобалар дайындалуы тиіс. Ал ұзақ мерзімді қамтитын ынтымақтастық 2020 жылға дейін жүріп, оған сай аймақтағы сауда-экономикалық байланыстарға қолайлы жағдай жасай отырып, ресурстарды бірігіп пайдалану көзделіп отыр.

Жалпы мемлекеттер арасындағы өзара сауда-экономикалық байланыстарын тиімді жүруіне кедергі келтіретін бірнеше факторлар бар. Олардың қатарында кедендік жоғары тарифтер болып отыр. Міне осындай кедергілердің алдын-алу мақсатында қабылданған экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы аясында Қазақстан ШҰҰ-ға мүше елдермен тиімді байланыстар орнатып келеді. Біздің пікірімізше ШЫҰ-ға мүше елдер арасындағы жоғары кедендік тарифтердің алынып тасталуына Еуразиялық экономикалық одақтың оң әсері болған. Өйткені Шанхай ынтымақтастық ұйымынан Еуразиялық экономикалық одаққа Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы мүше екендігі белгілі. Қазіргі таңда Қырғызстанның да экономикалық одақ мүшесі болуы талқыланып жатқаны белгілі. Ал ШҰҰ-ға мүше елдердің ішінде Қазақстан Республикасының сыртқы сауда, тауар айналымында Ресей Федерациясының үлес салмағы жоғары. Бүгінде бұл тауар айналым 11,8 миллион АҚШ долларын құрап отыр. Өткен жылғы статистикамен салыстырғанда 10,2 пайызға жоғары. Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымында Қытай Халық Республикасының да алар орны ерекше. 2013 жылдың маусым айындағы көрсеткіш бойынша 16,2 пайызды құрап, өткен жылдармен салыстырғанда 5,6 пайызға өскен. Ал жалпы ұйымға мүше елдермен ортақ тауар айналым көлемі 50,05 млрд құрап отыр. Жалпы бүгінгі таңда ШЫҰ мемлекеттерінде өзара байланыстар мен экономикалық даму аймағы байқалады. Мұның өзі сауда көлемінің дамып, инвестициялардың тартылуы, технологиялық өзара алмасу мен маман дайындау барысына қолайлы жағдай туғызатыны анық. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы ШЫҰ-ға бақылаушы ел болып табылатын Үндістан, Пәкістан сынды елдермен де сәтті жобаларды іске асырып, тиімді сауда-экономикалық байланыстарын орната білген. Жалпы алғанда ШЫҰ-мен Қазақстан Республикасы арасындағы өзара тауар айналым жыл сайын өсуде екендігіне көз жеткізуге болады. Бұл әсіресе өзіндік даму жолына түскен Қазақстан Республикасы сынды жас мемлекет үшін үлкен жетістік. Алдағы таңда да ШЫҰ-ға мүше елдердің өзара тауар айналымдарының көлемі арта түседі деген пікір білдіруге болады. Өйткені ұйымға мүше елдер арасындағы өзара сауда-экономикалық байланыс ынтымақтастық пен сенім және ең бастысы бірқалыпты да ырғақты даму үстінде. Бүгінде мемлекеттер арасында жасалып жатқан жобалар алыс болашақтың еншісін қамтиды. Мысалы мемлекет арасындағы мұнай құбырларын тарту, Қазақстан жері арқылы өтетін транзиттік темір жол магистральдарын атауға болады. ШЫҰ шеңберінде Қазақстан тарапынан да басты айырмашылыққа ие болған бірқатар жобалардың бар екендігі анық. Мұндай өміршең жобалар қатарында Атасу-Алашаңқай мұнай құбыры, мұнай тасымалындағы Омбы, Павлодар, Шымкент мұнай құбырлары арқылы жүргізуді қайта қолға алу, Қытайға газ жеткізу ісін қолға алу және осы мақсатта Орта Азия мен Ресейден газ тарту, тамақ және жеңіл өнеркәсіп саласында бірлескен кәсіпорындар құрып, дамыту сынды тың жобаларды атауға болады. Қазақстан ұлттық Қазмұнайгаз компаниясы мен Қытайдың ұлттық мұнай газ компаниясы бірлесіп жасаған табиғи газ құбырының бірінші кезектегі құрылысы 2010 жылы аяқталғаны белгілі, қолданысқа енгені баршамызға белгілі. Мұндағы негізгі мақсат табиғи газды тасымалдау қуатын 30 млрд текше метрге жеткізу болатын. Қазақстан мен ШЫҰ мүше елдерінің энергетика саласындағы ынтымақтастығы Алматы облысындағы Мойнақ СЭС құрылысы арқылы жүзеге асып отырғаны белгілі. Бұл ШЫҰ шеңберінде ұйымға мүше елдердің банктерінің инвестиция салған алғашқы ірі құрылысы болып табылады.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы негізінен аймақтағы сауда-экономиканың тиімді дамуының негізгі тетігі болғанымен, бұл ұйым аясында мүше елдер өзара түрлі саланы қамтитын байланыстар орнатып келеді. Солардың маңызды бір саласы – әскери оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізуі деп түсінген дұрыс. Ұйымға мүше елдер арасындағы оқу-жаттығу жұмыстарының жүргізілуі сөзсіз ұжымдық қауіпсіздікті сақтау, жаһандық қауіптің алдын алуға үйрену және осы саладағы байланысты күшейту сияқты бейбіт мақсаттар қоятыны анық. Алайда ұйымның мұндай әскери оқу-жаттығу жұмыстарынан кейін қоғамда ШЫҰ әскери одаққа айналуы мүмкін бе деген мәселелер көтеріле бастады. Біздің пікірімізше бұл орынсыз айтылған пікір. Өйткені ШЫҰ-ның құрылуындағы басты мақсаттарының бірі – сауда-экономикалық байланыстарды күшейту, өзара байланыстарды нығайту еді және бұл одақ халықаралық басқа да ұйымдарға қарсы құрылмаған, әскери сипаты жоқ болатын. Сондықтан саяси ұстанымдары бөлек елдердің әскери одақ құруы мүмкін емес деп есептейміз. Дегенмен ұжымдық қауіпсіздік және жаһандық лаңкестік әрекеттерден қорғану бойынша тәжірибе алмасу ісі аса маңызды. Осындай маңыздылығын ескерген ұйым мүшелері осы күнге дейін жеті мәрте бірлескен оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізген. Мұндағы негізгі мақсат қарулы күштердің өзара байланысы, оқу үйрену жаттығуларын бірлесіп өткізу болып отыр. Ал 2014 жылы ШЫҰ-ның құрылғанынан бастап ең ірі әскери оқу-жаттығу жұмысы өткен болатын. «Бейбіт миссия – 2014» деп аталатын жиынға 7 мың жауынгер қатысқан және оның негізгі бөлігін нақтырақ айтқанда 5 мыңға жуығын қытай әскері құраса, Ресей Федерациясы жағынан 900 жауынгер, төрт Су-25 ұшағы, сегіз Ми-8МТ тікұшағы, Қазақстан тарапынан 300 сарбаздары және ондаған әскери техникалар жұмылдырылса, Қырғызстан 500-ге тарта, ал Тәжікстан болса 200 сарбазын қатыстырған болатын. Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясында елдердің тек сауда-экономикалық және әскери салада ғана, білім және ғылым саласында да өзара бірлесіп жұмыс атқару тәжірибесі қалыптасып, ынтымақтастық жөнінде де нақты қадамдар жасалынды. Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясында білім беру саласы бойынша келісімге қол қойылуы мұндай ынтымақтастыққа құқықтық негіз беріп, басқа да білім беру жобаларын жүзеге асыруға жол ашатын болады.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі кезеңде саяси-экономикалық, әлеуметтік бағыттағы басымдылықтар айқындалғаны белгілі. Еліміз өзіндік даму жолын тауып, қоғамдық өмірдің барлық саласы түбегейлі өзгеріске ұшырағаны белгілі. Бүгінде еліміз халықаралық саяси аренада өзінің берік ұстанымы бар саяси институт ретінде орнықты. Саяси-экономикалық, әлеуметтік даму мәселесінде ерекше мән берілген бағыттардың бірі – білім саласы болды. Мемлекеттің стратегиялық маңызды саясаты да білім мен ғылым саласымен байланысты. Рас ел егемендігі жылдары аталған сала да түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Сапалы білім мемлекетіміздің болашағы жастар үшін басты капиталретінде түсіндірілді [1, 5 б.]. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістердің бірі – үш сатылы білім беру жүйесінің қалыптасуы болып табылды. Осы бағыттағы жұмыстарды жетілдіру мәселесі күні бүгінге дейін табысты жалғастырылуда. Нәтижесінде білім және ғылым саласында әлемдегі озық оқыту технологиялары және әдіс-тәсілдері енгізілді. Бұл білім алушылардың білім саласындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырып отыр. Білім және ғылым саласындағы жетістіктер тек қана еліміздің білім беру жүйесіндегі өзгерістер ғана емес, сонымен қатар осы бағытта бірқатар жұмыстар арнайы келісімдер, халықаралық бағдарламалар аясында да жүзеге асып жатқаны белгілі. Ол алдымен еліміздің білім және ғылым саласы Қазақстан мүше болып табылатын саяси-экономикалық мағынадағы одақтар, ұйым шеңберінде жүзеге асуда. Мұндай ұйымдардың қатарында біз Шанхай ынтымақтастық ұйымын атап өте аламыз.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы аймақаралық мәселелерді, соның ішінде ХХІ ғасырда әлем халықтарын толғандырған өзекті мәселелерді шешуге бағытталған. Мемлекеттер арасындағы өзара сенім, әріптестік пен достастық сияқты ұғымдарды күшейтіп, аймақтық тұрақтылықты сақтауды мақсат еткен ұйым ретінде танылып үлгерді. Бұл ұйымның жұмысы 2001 жылдың 15 маусымынан басталады. «Шанхай бестігі» деген атаумен құрылған ұйымның жұмысы аймақтағы экстремизм мен терроризм, өзекті экономикалық және әлеуметтік сипаттағы мәселелерді шешуде жеткен жетістіктері мол. Өзбекстан Республикасының ұйым мүшесі болуымен, оның атауы өзгеріп, Шанхай ынтымақтастық ұйымына айналды [2, 180 б.]. Қазіргі күні ұйымға мүше болып табылатын елдер арасында біз атаған маңызды салалармен қатар, өзге де маңызды бағыттар бойынша біріккен жұмыстар атқарылуда. Қазақстан Республикасы осы маңызды бағыттардың барлығында белсенді жұмыстар атқаруда. Ерекше мән берілетін бағыттардың бірі – білім және ғылым саласындағы әріптестік болып табылады. Мұндай стратегиялық маңызды бағыттың аясында бірлескен жобалар жүзеге асып келеді. Әрине Шанхай ынтымақтастық ұйымы ең алдымен өзінің алдындағы басты

мақсатына сай жұмыстарды, өзара сауда ісі мен экономикалық сипаттағы келісімдер, әскери саладағы бірлескен жұмыстар және лаңкестікке қарсы күрес, террорлы әрекеттердің алдын алу сияқты заман талаптарына сай жұмыстарды сәтті ұйымдастыруда. Дегенмен де ұйымға мүше елдер арасында әріптестік байланыстар білім және ғылым саласында да белсенді жүруде. Ұйымға мүше болып табылатын алты ел арасындағы өзара білім және ғылым саласындағы байланыстар толыққанды болуы үшін құқықтық-нормативтік негіздері айқындалып, заңдық күші бар құжаттар арқылы бекітілді. Мысалы, Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше елдер 2006 жылы 15 маусым айында келісім жасасты. Осы келісімге сай Қазақстан Республикасының Үкіметі 2006 жылдың 23 желтоқсанында «Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық келісімді бекіту туралы» арнай қаулы шықты. № 1262 қаулы бойынша еліміз Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясында білім саласындағы түрлі бағдарламалар мен жобаларға атсалысуда.

Қазақстан Республикасы Атқарушы билігінің қабылдаған осы құжаты 20 баптан тұрады. Бұл баптар Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясында атқарылатын болашақ жұмыстарды жүйелі етіп ұйымдастыру үшін бағытталады. Сөзсіз білім саласында осы күнге дейін бай тәжірибе мен өзіндік қалыптасты. Дегенмен, озық дәстүр тәжірибесімен алмасудың да маңыздылығы жоғары. Сондықтан ұйымның аясындағы жұмыстарды құқықтық тұрғыдан бекіту маңызды мәселе. Жоғарыда аталған келісім бойынша ұйымға мүше болып табылатын елдер білім беру саласында жүргізіліп жатқан реформаларға белсене қатысады. Өзара тәжірибемен ақпараттар алмасып, сонымен қатар білім беру ісінде интеграциялық үдерістерді дамытуға үлес қосады. Білім берудің сапасын арттыру мақсатында Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер арасында біріккен ақпараттық және нормативтік құқықтық база қалыптастырылды. Білім беру мекемелері және ұйымдары арасында, студенттерімен, магистранттар, докторанттар алмасу, ғылыми-педагогикалық қызметкерлермен өзара тәжірибе алмасу, білім беру ісінде көп қырлы ынтымақтастыққа қол жеткізу сияқты маңызды бағыттар да толыққанды қамтылды. Сонымен қатар ғылыми-тәжірибелік конференциялар ұйымдастыру, симпозиум мен семинар, дөңгелек үстелдерді бірлесе отырып өткізу, жоғары оқу орындары арасында байланыстар орнатуды да мақсат етіп отыр. Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше елдер арасында халықаралық олимпиада, конкурстар, фестиваль мен бірлескен экология-туристік, спорт және өзге де іс-шаралар ұйымдастыру барысында, өзара белсенді қатысуға қол жеткізу болып табылады. Ең бастысы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше елдер арасындағы өзара белсенді байланыстар арқылы білім беру сапасын арттыру көзделіп отыр. Келісімге сай жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын лицензиялау мен аттестаттау, аккредиттеу барысында оның рәсімдері бойынша ақпарат алмасу, ынтымақтасу көзделген [3]. 2008 жылы 24 қазан айында Астана қаласындағы жиын барысында Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше елдердің білім министрлері маңызды келісімге келе алды. Нәтижесінде Шанхай ынтымақтастық ұйымының университеті тұжырымдамасы қабылданып, оны жүзеге асыру жоспары бекітілген болатын. Шанхай ынтымақтастық ұйымы университетінің тұжырымдамасына сай қойылған басты міндет – мәдениет пен ғылым, білім беру ісі мен экономика бағытындағы жоғары білікті мамандар даярлауға көңіл бөлу болып табылады [4]. Бүгінгі күні Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер өзара білім беру саласындағы бірлестігі бар. Оған 72 университет мүше болып табылады. Бірлестікке Қазақстан Республикасының 16 университеті толыққанды мүшесіне айналған. Бүгінгі күні Қазақстанның жоғары оқу орындары осы ұйымның аясында нақты белгіленген шарттар бойынша нәтижелі жұмыс атқарып келе жатыр. Қойылған негізгі мақсат еліміздің жоғары оқу орындарын халықаралық стандарттарға сай болуына қол жеткізу болған еді. Шанхай ынтымақтастық ұйымы университеті тұжырымдамасына сай мәдениет, ғылым және білім, сонымен қатар маңызды білім беру саласындағы байланыстарды күшейту еді. Шанхай ынтымақтастық ұйымы университеттері қатарына еліміздің жетекші жоғары оқу орындары кірді. Еліміздің жоғары оқу орындары өз кезегінде Шанхай ынтымақтастық Ұйымы аясында халықаралық заңнама бойынша өзге де әлем елдерінің университеттерімен тығыз байланыстар орната алған болатын. Жоғары оқу орындар ғылымның түрлі салалары бойынша ұйымға мүше елдердің жетекші университеттерімен нақты жоспарға сай дамудың жаңа бағыттарына қосылды. Атап айтқанда еліміздің бірқатар жоғары оқу орындары ұйымға мүше елдер арасында экология мен нанотехнология, аймақтану және тағы да басқа салалар бойынша жетекші рольге ие болды. Рас өз уақытында Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясында жұмыс атқарып жатқан жоғары оқу орындары арасында тығыз байланыстар орнатылды. Бұл өз кезегінде ортақ білім беру бағдарламаларын құрастыру, халықаралық білім беру бағдарламаларының нормативтік-құқықтық негіздерін

қалыптастыру, оқу-әдістемелік тұрғыдан білім беру барысын қамтамасыз ету сияқты маңызды мәселелердің шешімін табуға көмектесті.

Атап өтетін маңызды мәселелердің бірі Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясында еліміздің жоғары оқу орындары Шанхай ынтымақтастық ұйымы университетін құру турасында Меморандумға қол қойды. Сөзсіз мұндай бастаманы көтеріп, оны қолдауы ең алдымен еліміздің білім мен ғылым саласындағы белсенділігінің дәлелі болды. Қазақстанның бірқатар жоғары оқу орындары Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясында көптеген шетелдік университеттермен тығыз байланыстар орната алды. Олар жоғарыда атап өткен бағыттар бойынша бірқатар ұйымға мүше елдердің университеттерімен көп жақты келісімдер жасаса алды. Бүгінде Қазақстанның жоғары оқу орындары экология бағытында магистр дайындау бағытында Ланьчжоу университетімен – ҚХР, Ресей Халықтар Достығы Университеті, Тәжік аграрлық университеті, М. Адышов атындағы Ош технологиялық университеті, Оңтүстік-Орал мемлекеттік университетімен келісім шартқа отырған болатын. Сондай ақ нанотехнология бағыты бойынша Белгород мемлекеттік ұлттық зерттеу университеті еліміздің бірқатар жоғары оқу орындарымен байланыс орнатты. Аймақтану бағытына сай Мәскеу мемлекеттік лингвистикалық университеті, К. Карасаев атындағы Бішкек гуманитарлы университеттері еліміздің университеттерімен қарым-қатынастар орнатқан. Ұйым аясында қабылданған білім беру шарттарын орындау мақсатында және ШЫҰ университеті бойынша магистранттарды оқыту мақсатында және инновацияға негізделген халықаралық білім беру бағдарламаларды жүзеге асыру үшін әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті жанынан Оқу Орталығы ашылды. Оқу орталығы өз алдына бірқатар маңызды міндеттерді жүктеп отыр. Ең бастысы ұйым аясында жоспарланған білім беру бағдарламаларын жүзеге асырумен тығыз байланысты. Сол сияқты Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті де Мәскеу мемлекеттік лингвистикалық университеті, сонымен қатар Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты сияқты жоғары оқу орындарымен ұйым аясында көп жақты байланыстар орнатты [5, 37-38 сс.].

Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясында түрлі білім апталықтары да ұйымдастырылады. Мұндай апталықтарға еліміздің ұйымға мүше университеттерінің барлығы белсенді қатысады. Әрине білім апталықтары арқылы отандық жоғары оқу орындары ең алдымен тәжірибе алмасуға мүмкіндіктер алады. Білім беру мен ғылым саласында болып жатқан соңғы жаңалықтарды ортаға салып, бөлісуді мақсат еткен болатын. Білім апталықтарына ұйымға мүше болып табылатын елдердің бас университеттерімен қатар, білім басқармалары, ұйымға мүше елдер арасынан жасақталған әрі тұрақты жұмыс жасап тұратын эксперттік жұмыс тобы өкілдері қатысады. Білім апталықтарында ұйымға мүше болып табылатын елдердегі университет ректорлары қатысатын кеңейтілген мәжілістер ұйымдастырылады. Жан жақты келісімдерге қол қойылады [6]. Мұндай білім апталықтарының бірі 2011 жылы 6-9 қараша айында Мәскеу қаласында ұйымдастырылды. Апталық барысында барысында ШЫҰ университетінің Оқу орталығы мен Ресей Федерациясының оқу орындары бірлесіп жүзеге асырылатын жобалар, олардың барысы, нәтижелері талқыланды. Ең басты мәселе ұйым аясында университеттер арасындағы тығыз қарым-қатынастар орнату әрі дамыту ісі қолға алынды. 2011 жылдан бастап еліміздегі магистр академиялық дәрежесі бойынша маман дайындаудағы білім бағдарламалары бірлесіп жүзеге асырыла бастады. Ресейдің халықтар достығы университеті экология факультеті Қазақстанның бірқатар университеттерімен келісімдерге қол қойды. Осыдан бастап Қазақстан мен Ресей университеттерінің профессор-оқытушылар құрамы арасынан жұмыс тобы жасақталды. Экология мамандықтары бойынша магистр дәрежесі бойынша маман даярлау мақсатында білім беру бағдарламалары құрастырылды. Осы бағдарлама қазір де толыққанды жүзеге асырылу үстінде. Сөзсіз экология бағыты қазіргі таңда халықаралық кеңістікте үлкен сұранысқа ие. Ресей және Қазақстанның жоғары оқу орнының профессор-оқытушылар құрамы экология мамандығы бойынша бакалавр студенттері мен магистрлары үшін оқу жұмыс жоспарын кеңінен талқылап, олардың айырмашылықтары анықталды. Қос елдің білім беру бағдарламалары арасында айырмашылықтар көп еместігі анықталды. Нәтижесінде бір қорытынды шығып, ортақ тақырыптар қалыптасты. Осылайша бакалавр және магистрлар даярлау бойынша бірлескен оқу бағдарламалары жасалды. Екі елдің профессор-оқытушылар құрамы даярлаған оқу бағдарламасы 2011 жылдан бастап жүзеге аса бастады. Осы жылдан бастап әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 6 студенті, кейіннен 2012 жылдан бастап 5 студенті оқу семестрлерін Ресей халықтар достығы университетінде оқып шықты. Осы алғашқы білім алушылар өздерінің магистрлік диссертацияларын 2012 жылы қорғады [7, 162-163 сс.].

Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясында еліміздің бірқатар университеттері, атап айтқанда Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеттері де аймақтану, нанотехнология, наноматериал мамандарын даярлауда ұйымға мүше елдердің университеттерімен байланыстар орнатқан. Ұйым аясындағы келісімдерге сай еліміздің жоғары оқу орындары Шанхай ынтымақтастық ұйымының университеті үшін мемлекеттік грант негізінде оқуға конкурстар жариялап тұрған. Оқу орны ретінде Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясындағы бірқатар университеттер таңдап алынды. Олардың қатарында Ресей Халықтар Достығы Университеті (РУДН), Белгород мемлекеттік ұлттық зерттеу университеті, Ланьчжоу университеті (ҚХР), М. Горький атындағы Орал мемлекеттік университеті, Пекин шет тілдер университеті, Сібір федералді университеті, Оңтүстік-Орал мемлекеттік университеті, Мәскеу мемлекеттік лингвистикалық университеті, Ж. Баласағын атындағы Қырғыз Ұлттық Университеті, Астана педагогикалық университеттері (Қытай Халық Республикасы) ұсынылды. Қазақстанның білім алушылары экология мен нанотехнология, сонымен қатар аймақтану мамандықтары бойынша осы аталған жоғары оқу орындарында білімдерін жалғастырды. Әрине тек осы мамандықтар ғана емес, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы Университеті бағдарламасына сай еліміздің студенттері Ресейдегі университеттерінде экономика мен менеджмент, филология және басқа мамандықтары бойынша білім ала бастады. Алғашқы жылы мемлекеттік грант саны оннан астам болған. Ол гранттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан бөлінеді. Сонымен қатар аталған гранттардың тең жартысын Ресей Федерациясының Білім және ғылым министрлігі қаржыландырады. Алғашқы жылдары бөлінген грант саны үміткерлердің барлығын қамти алған жоқ. Өйткені бағдарламаға сай құжат тапсырып, ұйым аясындағы бағдарлама бойынша оқуға ықылас білдірген студенттердің саны алпыстан асып кеткен болатын. Сол себепті ұйым аясында бағдарламаны жүзеге асырушы жұмысшы топ академиялық ұтқырлық сынды білім саласындағы байланысқа қатысушы студенттердің және алдағы уақытта жоғарыда аталған бағдарлама бойынша білім алатын талапкерлерге арналған гранттың санын ұлғайту мәселесін күн тәртібіне көтерді. Кейінгі жылдағы оқиғалар көрсеткендей бұл жоспар толыққанды жүзеге асты [8].

Республикамыздың жетекші жоғары оқу орындары ұйымға мүше елдердің ұйымдастырған түрлі кездесулері мен форумдарының да белсенді қатысушысы. Атап айтқанда, 2010 жылдың қыркүйек айында Ресейдің Новосибирск қаласында «Интерра 2010» II Халықаралық жастардың инновациялық форумы аясында ШЫҰ университетінің бас жоғары оқу орындарының қатысуымен «ШЫҰ Университеті: интеграциядан инновациялық дамуға» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткен болатын. Конференция жұмысына Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше елдердің білім және ғылым министрлері, ректорат өкілдері мен мүше елдердің бас жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы қатысқан болатын. Әрине отандық оқу орындарының осындай жемісті жұмыстары өз кезегінде ұйымға мүше елдердің бас жоғары оқу орындарының басшылықтары тарапынан ескерілді. Мысалы, Белгород мемлекеттік ұлттық зерттеу университетінің ректоры Л.Я. Дятченко еліміздің жоғары оқу орындарының басшылығына алғыс хаттарын табыстады [5, 40-41 сс.]. Сөзсіз бұл алғыс хат еліміздің ұйым аясында жүзеге асып жатқан жобалар мен өзара келісімдерге белсенді қатысуы мен оны жүзеге асырып отырғандығының бір дәлелі болып табылады. Сонымен қатар, 2011 жылдың ақпан айында Шанхай ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысы Иманалиев Мұратбек Сансызбайұлы еліміздегі университеттердің халықаралық жоғары оқу орындарымен өзара әріптестікті нығайту мәселесін талқылаған болатын. Сөзсіз халықаралық саяси аренада өзіндік орыны бар ұйым хатшысымен болған мұндай кездесу оқу орынының ұйым аясындағы белсенді жұмысының тағы бір көрсеткіші болып табылады. Бұл кездесу барысында Бас хатшы еліміздегі университеттердің ұйым аясында ұйымдастырылып жатқан шараларға белсенді қатысып жүргендігіне назар аударып, білім алушылармен кездескен [9].

Жалпы егемен ел ретінде халықаралық саяси аренада танылып, болашағынан үлкен үміт күттіретін Қазақстан Республикасы үшін Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше болып, ұйымға мүше елдермен түрлі саладағы ынтымақтастыққа түсудің маңызы зор деп нақты тұжырым жасауға болады. Өзара іс-қимыл әрекеттерімен қатар, бірлескен сауда-экономикалық және мәдениет саласындағы Қазақстан Республикасының белсенді әрекет етуі сөзсіз оның бұл ұйымға үлкен маңыз беретіндігіне көз жеткізуге болады. Сонымен қатар еліміздің жүргізіп отырған сыртқы саясаты да осы ұйымның жұмысын оңтайландыруға бағытталған. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан Республикасы Еуразия кеңістігендегі территориясы жағынан үлкен әрі табиғат байлығы көптігімен мақтана алатын мемлекеттердің бірі болып табылатындығы сөзсіз. Міне осындай үлкен шикізат көзін тиімді пайдалану біздің еліміз үшін үлкен мүмкіндіктер беретіні сөзсіз. Сондықтан халықаралық саясатта достық қарым-қатынасты, бейбітшілікті, қауіпсіздік пен тұрақтылықты бекемдеу үшін көрші елдермен ынтымақтастықты қолдау саясатын ашық жүргізіп келеді. Өйткені Шанхай

ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер арасында өзара сенім мен достық, тату көршілік сезімінің нығаюы басты мәселе. Сол себепті Қазақстан Республикасының даму болашағында Шанхай ынтымақтастық ұйымының алар орны жоғары деп нақты баға беріп, қорытынды жасауға толық негіз бар.

Еліміз егемендікке қол жеткізгеннен бері халықаралық беделді ұйымдарға мүше болып бүгінде табысты жұмыстар атқарып келеді. Әсіресе ғаламдық экономикалық дағдарыспен қатар жүріп жатқан жаһандану жылдарында ортақ мүдде үшін мемлекеттердің өзара бірлесіп жұмыс жасауы аса маңызды болып отыр. Өйткені қазіргі таңдағы жекелеген емес жаһандық сипат алып, қорқыныш тудырып отырған терроризм, экстремизм, сепаратизм сынды лаңкестік әрекеттер ұжым болып алдын алуды қажет етеді. Бұл жіктелген қылмыстық әрекеттерден келетін қауіп-қатерлерді әлем жұртшылығы жіті сезініп отыр. Тіпті халықаралық деңгейдегі кез-келген басқосулар да мұндай жаһандық мәселелерді қозғамай өтпейді. Сөзсіз адамзат баласының алдында тұрған мұндай қауіп-қатерді жеңу үшін елдердің бірігіп әрекет ету қажеттілігі туындайды. Ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған осындай ұйымдардың бірі – Шанхай ынтымақтастық ұйымы болып табылады. Бұл ұйымның қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудегі маңызы жоғары. Сол себепті ұйым аясындағы білім саласын жетілдіру аса маңызды мәселе болып табылады деп айтуға толық негіз бар.

Қорытынды.

Адамзат баласы тарихының кез-келген кезеңінде қоғамның дамуы үшін мәдениет пен өркениеттердің араласуы мен өзара тәжірибе алмасуы аса қажет болған. Батыс пен Шығыстың озық технологиялары өзара араласып, мәдениеттің жаңа синтезі пайда болып тұрғандығын бүгінде тарихшылар дәлелдеп отыр. Оның жарқын мысалы ретінде Ұлы Жібек жолының батыс пен шығыс жалғап жатқан сауда жолдары арқылы мәдениет алмасу мен өркениеттердің араласуы орын алып, жергілікті тұрғындардың дүниетанымы кеңейгендігі тарихи шындық. ХХІ ғасыр – өз тарихы мен дәстүрін қастерлейтін және бәсекеге қабілетті ұлттың дәуірі болатындығы айқын. Ал бәсекеге қабілеттілік сөзсіз елдегі білім және ғылымның даму деңгейімен өлшенеді. Ал, білім мен ғылым саласы терең реформалар және тек замануи озық технологияларды білім жүйесіне енгізіп, оң нәтиже шығара алған жағдайда ғана жоғары болмақ. Бұл ретте Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласында таңдап алынған бағыты құптарлық. Тәуелсіздік жылдарына дейін білім беру жүйесінде қалыптасқандәстүрден бас тартып, Еуропада мойындалған білім берудің жаңа жүйесі енгізілді. Нәтижесінде жеткен табыстар да аз емес. Әрине, білім және ғылым саласын көтеруде бірлескен жобалардың алар орны ерекше. Дәл осы бірлесіп жұмыс жасаудың артықшылықтары Шанхай ынтымақтастық ұйымының білім және ғылым саласындағы өзара байланыстары дәлелдеп беріп отыр. Қол жеткізілген нәтижелер жемісті жұмыстардың тек бастауы болып табылатындығы анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Жатқанбаева А., Айгаринова Г. Басты капитал – сапалыбілім // Заң газеті. - №62 (2456) 30 сәуір 2014. – 8б.*
2. *Соглашение между правительствами государств-членов ШОС о сотрудничестве в области образования // Бюллетень международных договоров. – №10. – 2008. – 128 с.*
3. *Электрондық ресурс: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P060001262>*
4. *Белукова Е.С. Сотрудничество государств-членов ШОС в сфере образования: Университет ШОС как успешная модель партнерства // вестник МГЛУ. – №8. – 2019. 142-147 с.*
5. *Аналитический доклад Университет ШОС как инструмент интеграции образовательных систем государств-членов ШОС. Алматы, 2012. – 69 стр.*
6. *Пресс-релиз VIнедели образования государств-членов Шанхайской Организации Сотрудничества «Образования без границ» в Московском Государственном Лингвистическом Университете. М, 2013. – 2с.*
7. *Станис Е.В., Макарова М.Г., Торегожина Ж.Р. Опыт РУДН (Россия) и КазНУ им. Аль-Фараби (Казахстан) по созданию совместных образовательных программ в области экологии // Международный журнал экспериментального образования. - №1. – 2013. – 247 ст.*
8. *Филиппов В.М., Юйхуа С. Роль Университета ШОС в сопряжении образовательный пространств Евразии // Государственная служба. – №6. – 2015. – 15-17 с.*
9. *Юйяо У. Роль Университета ШОС в гуманитарном сотрудничестве // Genesis: исторические исследования. – №5. – 2020. – 29-34 с.*

References:

1. Zhatkanbaeva A., Ajgarinova G. *Basty kapital – sapaly bilim // Zan gazet. - №62 (2456) 30 sauir 2014. – 8b.*
2. *Soglashenie mezhdu pravitel'stvami gosudarstv-chlenov ShOS o sotrudnichestvo v oblasti obrazovanija // Bjulleten' mezhdunarodnyh dogovorov. – №10. – 2008. – 128 s.*
3. *Jelektrondyk resurs: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P060001262>*
4. *Belukova E.S. Sotrudnichestvo gosudarstv-chlenov ShOS v sfere obrazovanija: Universitet ShOS kak uspeshnaja model' partnerstva // vestnik MGLU. – №8. – 2019. 142-147 s.*
5. *Analiticheskij doklad Universitet ShOS kak instrument integricii obrazovatel'nyh sistem gosudarstv-chlenov ShOS. Almaty, 2012. – 69 str.*
6. *Press-reliz VI nedeli obrazovanija gosudarstv-chlenov Shanhajskoj Organizacii Sotrudnichestva «Obrazovanija bez granic» v Moskovskom Gosudarstvennym Lingvisticheskom Universitete. M, 2013. – 2str.*
7. *Stanis E.V., Makarova M.G., Toregozhina Zh.R. Opyt RUDN (Rossija) i KazNU im. Al'-Farabi (Kazahstan) po sozdaniju sovmestnyh obrazovatel'nyh programm v oblasti jekologii // Mezhdunarodnyj zhurnal jeksperimental'nogo obrazovanija. - №1. – 2013. – 247 st.*
8. *Filippov V.M., Jujhua S. Rol' Universiteta ShOS v soprjazhenii obrazovatel'nyj prostranstv Evrazii // Gosudarstvennaja sluzhba. – №6. – 2015. – 15-17 s.*
9. *Jujjao U. Rol' Universiteta ShOS v gumanitarnom sotrudnichestve // Genesis: istoricheskie issledovanija. – №5. – 2020. – 29-34 s.*